

Қаржылық сауаттылық

ҰЛЫБЕКОВА ГҮЛЖАЙНА ҰЛЫБЕКҚЫЗЫ
Қызылорда облысы. Арал қаласы.
"Қарлығаш" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет.

Күні: 13.02.2024 ж

Тобы: «Ақылды балақай» ересек тобы.

Мақсат-міндеті: Балақайларға өз тілінде қаржылық сауаттылық туралы ақпарат беру. Құмар ойын ойнаудың балаларға зиян екенін жастайынан түсіндіру, балақайлардың бойында имунитет қалыптастыру.

Әдістері: ой қозғау, миға шабуыл, түсіндіру, сұрақ - жауап, дидактикалық ойындар, қорыту

Көрнекілігі: қағаз ақшалар, дүкенде ойынына байланысты заттар, банкомат, копильник.

Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлеметсіңдер ме балалар!

Балалар жауабы: Сәлеметсіз бе!

Балалар бүгінгі іс-әрекетімізге билет алу арқылы кіреміз.

Балалар билет алып, орындыққа отырады.

Балалар бүгінгі іс әрекетіміз ерекше болмақ.

Балалар менің қолымдағы затқа назар аударайықшы. Бұл не? Не үшін керек?

Балалар жауабы: Копильник. Ішіне ақша салып жинаймыз.

Ал ақшаны не үшін жинаймыз?

Балалар жауабы: Машина, үй сатып алу үшін. Ойыншық алу үшін.

Балалар ақшаны копильниктен бөлек тағы қай жерде жинауға болады?

Балалар жауабы: Әмиянда, карточкада, сейфте, банкте.

Балалар негізі ақша қайдан келеді, Білесіңдер ме?

Ақша табу үшін адам еңбектеніп жұмыс жасау керек.

Ақшаның шығу тарихын білу үшін экранға назар аударайық.

Видеоролик көрсету.

Сұрақ-жауап, өз ойларын ортаға салу. Әр елдің өзінің төл ақшасы болады.

Қазақстанның да «теңге» деп аталатын өзінің ұлттық ақшасы бар. Сонымен қатар көрші елдердің де өз ақшаларының өз атауы бар екен. Мысалы Қырғыз елінің ақша бірлігі «сом», Ресей халқында «рубль», Америка Құрама Штаттарында «доллар», Қытай елінде «юань» деп аталады.

Қазақстан «рубльдік» зонадан 1993 жылы қараша айында шықты, 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валюта «теңге» болып енгізілді.

Күнделікті өмірде адамның қажетіне жұмсалатын заттардың барлығын ақша жұмсай отырып, тіршілік жасаймыз. Мысалы, дүкенге барсақ міндетті түрде қалтамызда ақша болуы керек. Әмиянымызда ақша болуы үшін ата - анамыз тынымсыз жұмыс істейді.

Дидактикалық ойын: «Кіріс-шығыс»

Шарты: Балалар шеңбер құрып тұрады, ортада тәрбиеші допты балаға сұрақ қоя тұрып лақтырады, бала допты қағып ала сұраққа ол кіріс немесе шығыс екенін айтады.

Мысалы:

Тәрбиеші: Ата-әжеміздің зейнетақысы түсті.

Балалар жауабы: кіріс

Тәрбиеші: Анамызға дәрі керек?

Балалардың жауабы: шығыс, себебі дәріге ақша кетеді.

Балалар айтқандай бүгінгі іс –әрекетіміздің ерекшелігі қазір біз супермаркетке барып сауда жасайтын боламыз. Барғыларың келе ме?

Балалар жауабы: Иә барғымыз келеді.

Супермаркетке бару үшін бізге не керек?

Балалар жауабы: Ақша керек.

Балалар үстел үстінде карточка тұр, карточкадан ақшаны қалай шешіп аламыз?

Балалар жауабы: Банкоматтан

Ендеше бәріміз банкоматқа барайық.

Дидактикалық ойын : «Банкомат»

Мақсаты: Балалардың қаржылық сауаттылық туралы білімдерін қалыптастыру, тәрбиеленушілердің банкомат және оның функцияларымен ерекшеліктерін үйрену.

«Супермаркет» ойыны.

Мақсаты: балалардың сандарды қосу, азайтуды қаншалықты меңгергендігін анықтау, есептеу дағдыларын жаттықтыру.

Супермаркет ойынынан көрініс.

1 - бала. - Сәлеметсіз бе!

Сатушы: - Сәлеметсің бе!

1 - бала: - Маған 20 теңгеге дәптер беріңізші?

Сатушы былай дейді: - Балақай сенің жасың нешеде?

Бала: - Менің жасым алтыда. Енді мен мектепке барамын.

Сатушы: - Жарайсың! Сен маған 25 теңге бердің, мен саған неше теңге қайтаруым керек екенін білесің бе?

Бала: - Әрине, білемін. Маған 5 теңге қайтаруыңыз керек.

Сатушы: - Тамаша! Сау бол!

Бала: - Сау болыңыз!

2 - бала: - Сәлеметсіз бе!

Сатушы: - Сәлеметсің бе!

Бала: - Маған кітап қажет еді. Кітап неше теңге тұрады?

Сатушы: - Кітаптың бағасы 25 теңге болады.

Бала: - Мінекей, алыңыз, менде 50 теңге бар.

Сатушы: - Кітап алғаныңа қарағанда ақылды бала екенсің.

- Маған айтшы, мен саған қанша теңге қайтарамын?

Бала: - Маған 25 теңгені қайтарасыз.

Сатушы: - Мінекей, ақылды бала деген осы шығар. Сау бол!

Бала: - Сау болыңыз!

Қорытынды: «Микрофон» әдісі арқылы балалардан сұхбат алу.

- Сонымен балалар, бүгін біз қандай тақырыппен таныстық?

- Қазақстанның ұлттық валютасы қалай аталады?

- Супермаркет ойыны сендерге ұнады ма?

- Жұмсалған ақша неге жатады?

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ

КУРМАНСЕЙТОВА РОЗА ОМАРОВНА

Қызылорда облысы. Арал қаласы.

"Қарлығаш" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі. Педагог-сарапшы

Өткізу күні: 25.01.2024 ж

Тәрбиеші: Курмансейтова Р

Білім беру саласы: Шығармашылық, коммуникация

Бөлімі: Жапсыру, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы: Қыс қызығы

Міндеті: - балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу; әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.

- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.

- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; Дайын пішіндерден заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.

Әдіс-тәсілі: Амандасу сәті, сұрақ-жауап, сергіту сәті, ойын,

Ресурстармен қамтамасыз ету: Тақырыпқа сай суреттер

Мотивациялық қозғаушы:

Балалар топқа келген апайлармен амандасады.

Тәрбиеші: Балалар бүгін сендердің көңіл күйлерін қандай?

Біздің тобымызға көптеген апайлар келіпті, апайларға ақылды, білімді екенімізді көрсетеміз бе? (жақсы, иә)

(Қар себелету)

Тәрбиеші: Ой балалар қараңдаршы не жауып тұр? (қар жауып тұр)

Қар қай жыл мезгілінде жауады? (қыс мезгілінде)

Қыс мезгілінде неше ай бар? (үш ай бар; желтоқсан, қаңтар, ақпан)

Балалар қардан не жасауға болады? (аққала)

Қарды қолмен ұстауға болама? (жоқ, қолымызбен ұстасақ қар еріп кетеді және қолымыз тонады)

Дұрыс айтасыңдар, ол үшін біз қолымызға қолғап киюіміз керек.

Балалар мен сендермен бір ойын ойнағым кеп тұр.

Ойын «Сыңарын тап» деп аталады.

Шарты: устел үстінде тұрған қолғапты балалар бір-бірден алып сыңарын табу керек.

Балалар QR арқылы топқа бөлінеді.

Коньки, қолғап, кинолента.

Балалар сендер қолғап туралы ертегіні білесіңдер ме? (жоқ)

Ендеше қолғап ертегісін тамашалайық. (балалар ертегіні тамашалайды)

Балалар сендерге ертегі ұнадыма? (иә)

Ертегіні сахналау.

Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтар қойылады:

Балалар, ертегі не жайында айтылған екен.

Балалар: «Ертегі достар жайында, бәрі бір қолғап қасиетті»

Тәрбиеші: - Иә, ертегі кейіпкерлері бір-бірімен таласпай, бірін-бірі термей бәрі сол бір қолғаптың иінін сезініп отыр.

Біз де осылай дос болуымыз керек. Біздің топтақаныша бала

болса, сонша біздің досымыз көп болсын.

Ғажайып сәт:

Топқа көңілді әуенмен Аққала кіреді.

Мен, Аққала, ақ бала

Келіп қалдым бақшаға

Екі көзім қап - қара

Көргің келсе сен қара.

Аққала: - Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Тәрбиеші: - Саламатсыз ба Аққала!

Аққала: - Бәрін тамаша болып өсіпсіңдер. Далаға қарандаршы, қар жауып тұр, балалар далада ойнап жүр. Сендер білесіңдер ме, қыста қандай ойын бар?

Балалар: - Балалар шанамен сырғанайды, коньки, шаңғы тебеді, қардан аққала соғады.

Аққала сәл мұнайып: - Жоқ, қазір балалар аққала соғып ойнамайды.

- Сендер далада аққала көрдіңдер ме?

Балалар: - Жоқ.

Тәрбиеші: - Аққала, сен ренжіме біз саған балалармен бірге көп аққала жасап береміз, солай емес пе балалар?

Балалар: - Иә.

Аққала: - Мен қуаныштымын, балалар маған аққала жасап беретін болды.

- Балалар, біз аққала жасау үшін алдымен мына үлгіге қараймыз.

- Аққаланың денесі қандай геометриялық пішінге ұқсас?

- Дөңгелек.

- Балалар, аққала неше дөңгелектен тұрады, қане санайықшы.

- 1, 2, 3.

- Дұрыс айтасындар, ең үлкен дөңгелек – төменгі жағы, орташасы – кеудесі, кішкентайы – басы және 2 қолы, 2 көзі, сәбізден – мұрны бар.

Балаларға аққаланы қалай жапсыру керектігін түсіндіру.

Мақта ұлпасынан аққала желімдеу.

Балалар өз орындарына жайғасып, алдарындағы мақта ұлпасын пайдаланып жұмыстарын жасайды.

Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру, жақсы жұмыс жасаған балаларды мақтап - мадақтау.

Тәрбиеші: - Енді, Аққалаға арнап тақпақтар айтып берейік.

1бала: Көше бойы омбы қар

Жиналамыз топтала

Демей бетім домбығар

Соғамыз біз аққала

2бала: Марал, Зада мақтана

Соқтық дейді аққала

Мен қызықтап көріп ем

Аққала емес, ақ бала

Аққала: - Ой, алақай, балалар рахмет сендерге мен енді жалғыз емеспін, достарым көбейді. маған арнап айтқан тақпақтарың үшін де рахмет.

Мен енді қайтайын, сау болыңдар.

Сергіту сәті.

Доп қозғалысы және көңілді әуен ритміне қарай қозғалысты қайталау.

Балалар орындарына жайғасады.

1. Пластмасса тарелкаға мұз айдынының суретін салу.
2. Люля дөңгелегі арқылы қолғап ертегісінің кейіпкерлерін ретімен жапсыру.
3. Кинолентаны қарай отырып қыс бейнесіне әңгіме құрау және тақпақ айту.

Балаларды бағалау.

Балалар бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқан және сұрақтарға жауап беріп отырған балаларға сыйым бар, және ол қай бала екенін мына әдемі қорапшаның ішіндегі суреттен білесіңдер. Кім екенін білгілерің келе ме? Ендеше ретімен кеп қарай қойыңдар. (Қорапшаның ішінде айна болады, әр бала өзінің бейнесін көреді)

Қорытынды: Тиктоқ әдісі. Келген апайлар рефлексия ,кері байланыс ретінде ашық көрсетілімнің қалай өткенін бағалайды.

Z00032 27.04.2024 ж

Балапандар және оның достары

АЛДАМЖАРОВА КҮЛМАРАШ ҒАЛЫМҚЫЗЫ

Қызылорда облысы. Арал қаласы.

"Қарлығаш" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Педагог – модератор

Білім беру қызметі: «Әлеумет» «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Қоршаған орта.Сурет

Тақырыбы: «Балапандар және оның достары»

Мақсаты: Балаларға балапанның тіршілігі туралы түсіндіру, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу, балалардың ақыл-ойын және шығармашылық қабілетін дамыту.

Әдіс-тәсілдер:көрсету, түсіндіру, зерттеу, сұрақ-жауап, ойын, қорытындылау

Жүргізілу формасы: аулаға саяхат

Ресурстар: гуашь, түтікше, үкі, түрлі-түсті жылтырақ қағаз, интерактивті тақта, планшет.

Ұйымдастыру кезеңі:

Тәрбиеші: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қайырлы күн! Мен Алдамжарова Күлмараш Ғалымқызы «Білгіштер бекеті» ортаңғы тобының тәрбиешісімін. Балалар бүгін біз керемет бір жерге, қызықты саяхатқа шығамыз. Онда біз зерттеу жұмысын жүргіземіз. Сендер бізбен саяхат жасағыларың келеді ме? -Ендеше бәріміз бірге саяхаттайық!

– Балалар, біз қайда келдік?

Балалар:–Тауықтарға, балапандарға келдік.

Тәрбиеші: - Дұрыс айтасыңдар! Қараңыздаршы, нелерді көріп тұрмыз?

–Тауықтарды. Ал мынау әтеш. Бұл құстар - үй құстары, себебі далада емес, үй жанында асыраймыз, күтіп бағамыз. Тауықтар сөйлей білмеседе, өздеріне тән дыбыстар шығарады.

-Қандай дыбыс шығарады?

Балалар:-қыт-қыт, ку-ка- ре-ку

Тәрбиеші:-Жарайсыңдар! Олар су ішіп, жем жейді, көкөністер жейді. Оларды біз бағып, күтсек бізге не береді? -Жұмыртқа береді екен. Ал, ендеше, мына жұмыртқаларды қарайық.

-Жұмыртқа қандай?

-Түсі қандай ?

-Пішіні қандай? Ұстап көреміз. Жұмсақ па, әлде қатты ма?

Балалар:-сопақша, қатты, сұры, ақ.

Тәрбиеші:- Жұмыртқалардан аналарымыз торт пісіріп, қуырыпта береді. Ал кейбір жұмыртқалардан балапандар шығады. Қарайықшы қандай әдемі сендер сияқты балапандар. Ұстап көремізбе?

-Балапан қандай екен?

Балалар: -кішкентай, жұмсақ, сары.

Тәрбиеші: – Жарайсыздар! Балапанның көзі, екі аяғы, тұмсығы бар.

–Қазір біздер жем шашып, су береміз. Ал, ендеше, балалар бөбекжай-бақшамызға барып, балапандарға достар жасап берейік. –Біз саяхаттан соң тобымызға келдік. Біздің бөбекжай-бақшамызда балапандар бар, бірақ олар қайда екен? Мен оны білемін.... Бір, екі, үш (Балалар жұмыртқаны жарып шығады, орындарына отырады)

- Балалар, сендер кімсіңдер? –Балапандармыз! Бәріміз теледидарға назар аударамыз (тауық және балапандар туралы түсінік беру) Балапандар биін билеу. Ал енді балалар балапанның достарын жасап берейік. Бірінші топ планшетпен «**Түрлі-түсті балапандар**» деген ойын ойнаймыз. Екінші топ түтікшемен балапан саламыз, қауырсынын үкіден қанатын жапсырмалаймыз. Үшінші топ жұмыртқадағы тербеліп тұрған балапанды жасаймыз. Балапанның екі көзін, мұрнын, екі қанатын, айдарын жасаймыз. (Тәрбиеші жасап көрсетеді) Балалар жұмысы. Балалар жасаған жұмысымызды шартқаққа әтештің қасына серуенге шығарайық.

Ойын : «**Жұмыртқаларды тауықтарға орналастыр**»

Мақсаты: ойын дәлдікті, ептілікті қажет етеді.

Рефлексивті-түзетушілік:

«Қолыңмен көрсет» әдісі арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетті бағалаймыз.

–Балалар, бүгінгі күн сендерге ұнаса, осы жерден ұнаған белгіні таңдап достарымызға көрсетеміз.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Балалар балапанды жасады

Түсінеді: Балапанның тіршілігі туралы түсінді

Қолданады: Әтеш, бидай, қауырсын сөздерін қолдана алды.

Ана – аса қымбатты жан

ЖУБАНИЯЗОВА МАРИЯ КУДАЙБЕРГЕНОВНА
Қызылорда облысы. Арал қаласы.
"Қарлығаш" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: — мерекелік көңіл — күйін құру

— ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;

— балалардың назарын жалпы әрекетте қатысу тілегін қалыптастыруға эмоциялық қабылдауын ынталандыру;

— өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Кейіпкерлер: Жүргізуші, «Кәмпит — Ханшайым»

Ертеңгілік өткізуге қажетті құрал — жабдықтар: Безендірілген әсем зал, гүлдер, құмыра, сыйлықтар, әсем әндер жазылған ұнтаспа, т. б

Ертеңгіліктің барысы:

Балалар залға қол ұстасып, жұптасып әдемі әуенде вальс ырғағында айналып, билеп өтеді. («Тәттім — ау» әуенімен)

Тәрбиеші: — Құрметті аналар, әжелер сіздерді әйел жанымен байланысты тамаша көктем мерекесі – 8 Наурызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алғашқы көктем мерекесі Жер бетіне өмір сыйлаушы нәзік, ақылды, сымбатты, мейірімді жандарға арналғаны қандай тамаша мереке! Әлемдегі ең асыл жан ол – Ана десек, жүрегімізде сүйікті жанға деген махаббат сезімі оянады. Ана бұл аяулы да мейірімді жан. Баланың тілі шыққаннан – ақ бірінші сөзін «Ана» деп айтады. Өмірдің есігін ашқаннан соң осы өмірдегі өзіңнің жан анаңды көресің. Осы бір «АНА» деген үш әріптің аясында адамзат баласын қуаныш сыйлар қаншалықты қасиет бар десеңші! Ару — ана, Ару — асыл жар, Ару – көңілдің гүлі, Ару — өмірдің жыры, тіпті айта берсең сөз жетпейді. Олай болса, бүгінгі аналарға, әжелерімізге арналған «Балауса» тобының бүлдіршіндерінің «Ана — аса қымбат жан!» ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Барлық балалар хормен: Құттықтаймыз анашым, 8 — ші Наурызбен!

Тәрбиеші:

Той пердесін ашайық,

Тойға шашу шашайық.

Аналарды құрметтеп,

Ән маржанын шашайық.

Хор: «Ақ мамам»

Тәрбиеші: — «Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзы да жібітеді»- демекші, балаларымыздың аналарына арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Медина
Анам болса қасымда
Басқа бақыт не керек.
Анашымның жүрегі,
Мейірімді ғой керемет
Гулназ
Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар,
Құттықтаймын мерекенмен,
Құрметті Аналар!
Ибрахим
Наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз баланың,
Анаға айтар лебізі.
Адия
Аналарды сүйеміз
Ақылын ойға түземіз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.
Ақбота
Бәрімізге анамыз
Біз үшін күн боп жанасың
Құтты болсын мерекен
Құттықтаймын анашым!
Тәрбиеші:
Аналар ақ тілекті, сөз көп дейін,
Жылытар жүрегіңді көз көп дейін
Аналар ақ жаулықты бұл сіздерге
Қол соғып қарсы алайық «Мамочка биін»
Би: «Мамочка»
Тәрбиеші: — Балалар туған күнде, мерекелерде аналарымыз дастарханға қандай тәтті тағамдар салады.
— Дұрыс айтасындар, кәмпитті балалар да, үлкендер де жақсы көреді.
Кәмпитсіз дастарханның сәні кірмейді. (әсем әуенмен залға «Кәмпит – Ханшайым» кіреді)
— Кәмпит — Ханшайым: (кіріп билейді)
Мен тәттімін,
Балалардың сүйікті дәмімін,
Мерекенің сәнімін,
Дастарханның әрімін.

— Сәлеметсіңдер ме, балалар, мені таныдыңдар ма? Мен, «Кәмпит — Ханшайыммын»

Балалар сендер өнерлеріңмен, білімдеріңді, үлгілі тәртіптеріңді көрсетіңдер. Ол үшін менің мына ыдыстағы үлкен кәмпиттер бар, онда әртүрлі тапсырмалар берілген. Сол тапсырмаларды ашып орындасақ қайтеді. Тапсырмаларды түгелдей орындасаңдар мереке соңында әкелген сыйлығымды үлестіремін. (бір балаға ыдыстығы кәмпитті аштырады, тапсырманы барлық бала орындайды)
Тәрбиеші: — Расында да, бізге тәтті «Кәмпит — Ханшайым» қонаққа келіпті. Қараңдаршы, кәмпиттері көп екен, тәтті десе тәтті екен. Қане өнерімізді көрсетейік, тапсырмаларды орындайық.

1 — кәмпиттегі тапсырма:

Ойын: «Қағаз киім» (аналар ұлдарымен)

Ойын жарыс түрінде өтеді. Ұлдарымыздың аналары ортаға шығып сайысқа түседі.

2 — Кәмпиттегі тапсырма:

Би: «Балапандар»

Тәрбиеші:- Бүгінгі мереке күні әжелерімізді де мерекелерімен құттықтаймыз. «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» — деп бекер айтылмаған. Келесі әніміз сіздерге арналады құрметті әжелер.

3 — кәмпиттегі тапсырма:

Ән: «Әжетайым» (Хор)

Тәрбиеші: -«Кәмпит — Ханшайым», енді сіз біздің балаларымыздың аналарына дайындап келген тақпақтарын тыңдаңызшы.

Инжу

Көктем келді жадырап

Күн нұрымен таласып,

Жайнай берші жарқырап

Жаны жайсаң аналар!

Нұрәли

Апатайым анашым

Ақылы мол данасың

Қамқоршысы баланың

Гүлі сенсің әр үйдің.

Сабина

Анам менің анашым

Сені жақсы көремін

Мерекемен бүгінгі

Құттықтаймын мен сізді.

Эсфера

Құтты болсын анашым

Құтты болсын мерекен

Әр кез саған тілеймін

Ұзақ өмір жолдарын

4 — кәмпиттегі тапсырма:

Ойын: «Кәмпит тасу» (аналары мен балалары)

5 — кәмпиттегі тапсырма:

Би: «Бал биі»

Әдемі биден кейін балапандарымыздың тақпақтарын тыңдайық:

Айша

Бізді өсірген анашым

Еңбегіңіз зор екен

Құтты болсын Анашым

Құтты болсын мерекең!

Бибарыс

Жанымызды жайнатқан

Өзіңіз ғой аналар

Зор денсаулық, мол бақыт

Тілейміз біз балалар.

Муслим

Қуанамыз сыйлаймыз

Қуаныштың мың гүлін

Аналарды құттықтап

Жырдан шашу арнаймыз.

Сезім

Жүзімізге қараңыз

Бал күлкілі баламыз

Бізге қымбат күн шуақ

Бізге қымбат аналар!

Әдемі

Баланың да тірегі

Дананыңда тілегі

Ауырмасын ешқашан

Анамыздың жүрегі.

Мансур

Ана біздің күніміз

Ананың біз гүліміз

Балаларды қуантып

Ұзақ өмір сүріңіз.

Кәмпит — Ханшайым: — Балалар, сендер бүгін менің тапсырмаларымды өте жақсы орындап шықтыңдар. Сендерге көп — көп рахмет айтамын. Өздерің өнерлі, әдемі, тәртіпті екенсіңдер, мен сендерге ризамын. Енді мына қолымдағы ыдысты тәрбиеші апайларыңа беремін. Сендерге әкелген көптеген әртүрлі

кәмпиттерім бар. Соны сыйлыққа бергім келіп тұр. Мен енді сендермен қоштасайын, басқа да балабақшада мерекелер болып жатыр соған барайын. (Кәмпит — Ханшайым балалармен қоштасып шығып кетеді)

Тәрбиеші:

Мерекені қарсы алып,

Мәз болғанда барша жұрт,

Гүл ұсынып қыздарға,

Сыйлық бердім мен өзім — дей отырып қыздарға арналған сыйлығымызды табыс етуге рұқсат етіңіздер. (Ұлдар қыздарға сыйлықтарын табыс етеді)

Тәрбиеші:

Бөбегіңнің сыйлығын,

Қабыл алшы анашым

Ұзақ өмір жүз жасап

Ауырмашы анашым!

Бәріміздің де анамыз бар, әжеміз, әпкеміз бар, қарындастарымыз бар. Жылына бір рет келетін осы аналар мейрамында аналарымызға қандай сыйлық жасасақ та жарасымды. Өйткені, бізді өмірге алып келген, бізге әлемнің жарығын сыйлаған — анамыз емес пе? Олай болса, әр баланың өзі дайындаған аналарына сыйлықтары бар екен, соны табыс етсін!

Аналар, қалқып бақыт аралында,

Лайым мұң қонбасын жанарыңа

Осымен кешімізді аяқтайық

Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа – дей отырып бүгінгі «Ана – аса қымбат жан!» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Ардақты аналар мейрамдарыңыз құтты болсын!

Сау саламатта болыңыздар!

Балалар хормен: «Анамызға мың алғыс, баршаңызға мың алғыс!»

Қол ұстасып, әуенмен топқа кіреді.

Мерекеңмен, аяулы анашым!

САДАҚБАЕВА ЖҰЛДЫЗ ҚОҢЫРАТБАЙҚЫЗЫ
Қызылорда облысы. Арал қаласы.
"Қарлығаш" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Жүргізуші:

Құрметті ақ жаулықты әжелер, аналар, балабақша ұжымы, сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі Аналар күнімен құттықтаймыз. Көктемдей құлпырып, гүлдей жайнап жүре беріңіздер.

Армысыңдар мейірімді аналарым,
Мейірбан ашық көңіл даналарым
Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен,
Құттықтайды сіздерді балаларың!

1.Даниял:

Таңым болып атасың
Күнім болып батасың
Мейірімді анасың
Бәрімізге панасың

2.Алишер:

Той пердесін ашайық
Тойға шашу шашайық
Аналарды құрметтеп
Ән маржанын ашайық.

3.Шахкәрім:

Жанымызды жайнатқан,
Сіздерсіз ғой аналар!
Зор ден саулық, мол бақыт
Тілейміз біз балалар.

Жүргізуші: Сөз кезегін меңгерушіміз Гүлнара Өнесқызына береміз.

Хор: «Құттықтаймын ана»

4.Серікбол:

Бүгін Наурыздың сегізі
Сұлулықтың егізі
Әдемі сөзі адамның
Анаға айтар лебізі.

5.К.Мүсілім:

Мәпелейсің мені анам
Қолыңдағы құсыңдай
Құлпыра өсіп дем алам.
Құшағында қысылмай.

6.Расул:

Жүре берсем қасыңда
Әйбат анам, ай анам
«Ботам» деген дауысыңнан
Мен мәз болып оянам.

7.Көркем:

Әлпештеген аялаған
Ақ сүт берген апатайым.
Сәлем жазып бүгін саған
Мейрамыңмен құттықтаймын

8.Ахан Айлин :

Келді көктем күнің,
Күлімдейді гүлің –
Алтын ойлы Анам
Мерекеніз бүгін!

Жүргізуші :

Ата – аналар бүгінгі мерекеде
Ән саламыз би де билейміз **.Балалардың сіздерге арналған биін қарсы алайық. Балалар би**

- Балалар, бүгін тек аналарымыздың ғана емес, сонымен қатар әжелеріміздің де мерекесі. Бізде әжелерге арнап ән, тақпақ айтып, би билеп мерекемен құттықтайық!

9.Ақарыс:

Әжем менің әйбат.
Ешкім оған жетпейді.
Күні бойы бірге ойнап,
Жанымнан бір кетпейді.

10.Әбдінүр:

Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

11.Айбибі:

Ақ әжемді әрқашан
Сыйлап жақсы көремін.
Қуантайын деп оны,

Өлең айтып беремін

12.Ж.Айлин:

Әже деген көп шығар,
Әжемдей менің жоқ шығар
Мейірімді бұл кісі
Қандай ғажап күлкісі.

13.Айша:

Әжетайым, әжетай
Сізді жақсы көреміз.
Сізге өлең – тақпақты
Жатқа айтып береміз.

Жүргізуші: -Бүгін біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді.

-Сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар? - Жылдың қай мезгілі ?

Балалар: Көктем мерекесін, аналарымыздың, аруларымыздың мерекесін тойлап жатырмыз.

–Балалар ендеше көктем келді әнән айтып берейік.

Хор : «Көктем келді»

14.Нұрзат:

Анам менің сүйіктім
Тек өзіңе табынам.
Қасымда жүрсең биікпін,
Алыстасаң сағынам.

15.Жанайым:

Анаң болса қасында
Басқа бақыт не керек
Аналардың жүрегі
Мейірімді ғой керемет.

16.Аянат:

Жарқын жүзді жан анам
Сендей болсын бар адам
Сендей болса бар адам
Шаттық кетпес баладан.

17.Ханшайым:

Мен анамды сүйемін,
Құшағына енемін.
Мәпелеген анамды,
Қуантсам деп келемін.

Би: «Көңілді би»

18.Ернар:

Ақ қабақты анашым

Күн сәулелі анашым
Әлпештеген баласын

Айналайын анашым

19. Жансұлтан:

Ақ анашым, аппағым.
Өзін жайлы тақпағым.
Өзін жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрінде.

20. Мардан:

Бал бөбегін баптаған,
Мамам үшін мақтанам.
Аялайтын біздерді
Көп жасасын ақ мамам!

21. Тілеуберген:

Мені жақсы көреді
Күндей күліп келеді
Көп ертегі біледі
Маған айтып береді

Жүргізуші:

Мың бұралып би билеп
Ән де салып береміз.
Осылайша шаттықпен
Біздер өсіп келеміз.

Жеке ән : «Қыздар- ай» Расул, Шахкәрім

Жүргізуші:

Сұлулық табиғаттан басталады,
Көктеммен олар бірге шаттанады. Бәйшешектей құлпырып, гүлдей жайнаған
қыздарымызды ортаға шақырамыз. Әр өзінің көктемгі сән үлгісін көрсетеді.

22. Нұрхан:

Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз
Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз.

23. Нұрали:

Бөбегіңнің сыйлығын,
Қабыл алшы анашым.
Ұзақ өмір жүз жасап.
Ауырмашы анашым.

24. А. Мүсілім:

Әр сөзіңді жаттаған,
Жүрегінде сақтаған.

Анашым деп мақтанам.

Айналайын ақ мамам

25. Аңсар:

Анамды мен жақсы көрем,

Айтқан тілін алып жүрем.

Қасымда анам жүргенде,

Шаттанып ойнап күлем.

Ер балалардың флешмобы

Жүргізуші:

«Жаным, күнім» дегенді,

«Құлыншағым» дегенді,

«Ботақаным» дегенді,

«Қошақаным» дегенді,

«Айналайын» дегенді,

«Толған айым» дегенді,

Бәрі: Ойлап тапқан аналар!

Ойын : «Дауысынан таны»

Жүргізуші :

-Балалар бүгінгі мерекеде аналарымызға ән айттық арнап, би биледік , тақпақта айтып бердік. Енді сыйлық сыйлауымыз керек. Қандай сыйлық береміз?

Біз сыйлықты дүкеннен сатып алмаймыз

Өз өнерімізді қолымыздан жасаймыз.

Анамызға бір – бірден оны сыйлаймыз.

Жүрекшемен би билеп , анамызға сыйлаймыз.

Би «Ана»

Жүргізуші :

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке ,

Отбасында болсын ырыс- береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді ,

Өмір думан бақ әкелсін мереке- дей отыра ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

Сиқырлы пішіндер

МЕРЕЕВА ЖАДЫРА ЕРГАЗИЕВНА

Қызылорда облысы. Арал қаласы.

"Қарлығаш" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі. Педагог модератор

Білім беру саласы: «Таным», « Шығармашылық»

Білім беру бөлімі: «Математика негіздері», «Мүсіндеу»

Тақырыбы: Сиқырлы пішіндер

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыра отырып, математикалық ұғымдарын бекіту, пішіндерді ажыратып айта білуге, оларды қоршаған ортамен салыстырып, түр – түсін, заттардың көлемін анықтай білуге дағдыландыру.

Дамытушылық: Балалардың ой - өрісін, қол моторикасын, логикалық ойлау қабілеттерін ойын арқылы дамыту, зейіндерін, белсенділіктерін арттыру.

Тәрбиелік: Балаларды ұйымшылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап

Көрнекіліктер: Слайд, геометриялық пішіндер

Билингвизм: Төртбұрыш-квадрат, үшбұрыш-треугольник, шеңбер-круг.

Іс-әрекет кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті.

Балалардың іс-әрекеті.

Мотивациялық қозғаушы.

Шаттық шеңбер:

Күнде шат күліп күн

Шаттанамыз бәріміз

Өміріміз көңілді

Мәңгілік достықпен

Мақтанамыз бәріміз

Балалар кәне қонақтармен амандасайық

Сәлеметсіздер ме!

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қазір жылдың Күз мезгілі.

-Күз мезгілінде неше ай бар? Қазір қай айы?

-Күз мезгілінде үш ай бар? (қыркүйек, қазан, қараша) қазір қараша айы

-Күз мезгілінің ерекшеліктерін атап жіберейікші?

- Күн суытады, жаңбыр жауады, жапырақтар сарғайып түседі, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, адамдар қалың киімдерін киеді.

Музыка әуенімен: Маша кіреді. Мені аю мектепке жіберді ал мен ештеңе білмеймін.

Тәрбиеші: кел Маша бізбен бірге отыр оқу қызметімізге қатыс сұрақтарға жауап бересін

Маша: маған мұнда көп тапсырма берді бірақ мен оларды жасамадым?
Біз саған көмектесеміз. Көмектесеміз ба балалар? Көмектесеміз. Кел отыр Маша.

Тәрбиеші: Балалар кәне машаның көңіл-күйін көтерейік?

Ойын: «Тамаша»

-Біздің балабақша қандай?

Балалар: тамаша.

-Біздің топ қандай?

Балалар: тамаша

-Тәрбиеші апайларымыз қандай?

Балалар: тамаша

-Бүгінгі күн қандай?

Балалар: тамаша

-Біздің көңіл – күйіміз қандай?

Балалар: тамаша.

1-ші тапсырма: (Бірінші тапсырма геометриялық пішіндерді тану. үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер.) *Пішіндер туралы видео көрсетіледі. Балалар пішіндермен танысады.* Балалар “Төртбұрыш” деген төрт қабырғалары, биіктігі, ені мен ұзындықтары бірдей пішінді айтамыз. Оларды қалай теңестірсек те тең болады. Төрт бұрышы болады

– Ал, мына пішін – шеңбер. Оны біз радиусы, яғни кіндігі арқылы өлшейміз. Ол пішінде қабырға да бұрыш та болмайды. Қалай дөңгелетсек те, ол домалай береді, яғни ешқандай кедергі жоқ.

– Үшбұрыштың аты айтып тұрғандай үш бұрышы, яғни үш төбесі болады. Сонымен қатар үш қабырғасы болады. Пішіндерді ауада сызады.

2-ші тапсырма: планшетпен жұмыс, Балаларға платшет арқылы геометриялық фигуралардың орнын табу, орналастыру

Сергіту сәті. Музыка әуенімен балалар пішіндер төсенішімен секіреді

3-ші тапсырма: Құм салынған шарлармен шеңбер жасап мүсіндеу

Ойын: «Пішіндерге ұқсас суретті тап» (тақтаға пішіндердің суреттері ілінеді.

Балалар суреттердің арасынан пішіндерге ұқсас суретті тауып қыстырады.

Мысалы: сағат дөңгелектің қасына, ал пирамида үшбұрыштың қасына, теледидар төртбұрыштың қасына)

Балалар пішіндер туралы тақпақтарын айтады.

Айзере: Мен шеңбермін, шеңбермін
Осындаймын дөңгелек
Айналамын күн сайын
Барлығы үшін біз керек.

Әлішер: Мен үшбұрышпын
Үш жағым бар
Үш төбеден жасалған

Дарын: Мен шаршымын
Төрт жағым бар
Төрт жағым менің бірдей.

Рефлексивті Коррекциялаушы

Тәрбиеші: Балалар бүгін нелермен таныстық

Балалар: Пішіндермен

Тәрбиеші: кім қоннақа келді?

Балалар: Маша.

Тәрбиеші: үшбұрышта неше бұрышы бар?

Балалар: үш бұрышы бар.

Тәрбиеші: төртбұрышта неше бұрышы бар?

Бала: төртбұрышы бар

Тәрбиеші: күннің көзі қандай пішінге ұқсайды?

Балалар: шеңберге. Жарайсындар балалар, өте жақсы, барлықтарыңа рахмет айтамын, бүгін белсене жақсы қатысып отырдыңдар.

Маша: Рахмет сендерге балалар, сендер бүгін көп тапсырмаларды орындадыңдар. Мен сендерден бүгін көп үйрендім, сендер өте ақылды, балалар екенсіңдер.

Машамен қоштасу. Оқу қызметін аяқтау

Күтілетін нәтиже:

Түсінеді: Геометриялық фигураларды ажыратып, дұрыс атай білуді

Қолданады: Геометриялық пішіндердің орналасуын өз бетінше ажыратуды

Жаңғыртады: Геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды дұрыс атауды, фигураларды басқа пішіндердің арасынан таба біледі.

Ата-ана мен тәрбиешінің бірлестігі маңызды

ЛАТИЕВА АЙГЕРИМ СЕРИКОВНА

Қызылорда облысы. Арал қаласы.

"Қарлығаш" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Педагог-модератор

Бала тәрбиесінде ата – анамен мен тәрбиешілердің жауапкершілігі үлкен орын алады. Себебі ата – ана мен тәрбиешілер баланың мінез құлқын, өмірге көзқарасын қалыптастырады. Балалар үйде көрген тәрбиесін толықтырады. Тәрбие ешқандай үзіліс, демалыс күндер дегенді білмейді. **Жас ұрпақты қоғамымыздың саналы азаматы етіп тәрбиелеу – бала тәрбиесінде ат салушы тәрбиешілер мен отбасының негізгі міндеті.**

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берген білім – адам заттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деп философ Әбу Насыр әл Фараби айтқандай, балаларға жан-жақты тәрбие беруді жетілдіріп отыру – басты парызымыз. Өйткені бала ата – ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңі, келер тарихқа аманат. Жас өскелең ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл – парасатты, өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отанының басындағы ата-ана тәрбиесі.

Қазақтың «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» деген қанатты сөздері бар, отбасында әдемі таным, түсінік қалай қалыптасса, өскенде сол қасиет бойынан табылады. «Болса тәртіп бала өседі сомдалып, қатал ұста бос жүрмесін сандалып» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы шектен тыс шолжандатпай, байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн. Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да: «Ана – үйдің берекесі, бала – үйдің мерекесі», «Бала болсаң болғандай бол, айналаңа қорғандай бол» деген қағиданы берік ұстанған ата-бабаларымыз өз ұрпағын «адам, азамат» деген атқа лайық етіп өсіруді мақсат еткен.

